

**Батыс Қазақстан облысының әкімдігі
білім басқармасының балалар мен жасөспірімдердің
туризм және экология облыстық орталығы**

«Бекітемін»
ОБЖТЖЭО-ның директоры
_____ Ғ.И.Бекқалиев

Әдістемелік кеңісі мәжілісінде қаралған:
«_____» _____ 20__ж.
№_____ хаттама

**«Туған өлкем» үйірмесінің
ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ
_____жастағы білім алушылар үшін
бағдарлама жүзеге асырылатын мерзім _____жыл
туристік-өлкетанулық үйірмесінің
2019-2020 оқу жылы**

қосымша білім беру педагогы
Еркингалиева Айдана Айдарбековна

Орал қаласы
2020 оқу жылы

Оқыту бағдарламасының мазмұны

I - бөлім. Өлкетану және туризм

1-сабақ. Кіріспе. Өлкетанудың зерттеу нысандары. Үйірме мүшелерін қауіпсіздік ережесімен таныстыру.(4 с.)

Өлкетану, оның мәні, мақсаты, өлкетанудың ұйымдастыру формалары: мемлекеттік, қоғамдық өлкетанудың даму тарихы. Өлкетанудың зерттеу нысандары: табиғат, жер, территория, сол жердің халқы, тарихы, шаруашылығы, өнері мен мәдениеті. Туристік-өлкетану үйірмесінің мақсаты мен міндеттері. Табиғатқа серуендеу мен экскурсиялар жасау кезіндегі қауіпсіздік ережесімен таныстыру. Жолда жүру ережесі.

2-сабақ. Туризмнің қалыптасып, даму тарихы. Туризм және табиғатты қорғау. «Құстарды қыста тамақтандыр» акция ережесімен таныстыру. (4 с)

Туризм түрлерімен таныстыру. Жаяу туризм, вело туризм, шаңғы туризмі туралы түсінік беру. Жорықтар кезінде кездесетін кедергілермен таныстыру, қоршаған ғаламдағы табиғат аясымен, адамдардың қолымен жасалған орындармен танысып, туристік өмірдегі эпизодтарды бақылап қызықты жерлерді суретке түсіру. Біздің жерімізде қыстайтын құстарға аязды және қоректің жетіспеушілігін білдірмеу үшін көмек көрсету. Құстарға қамқор болуға тәрбиелеу.

3-сабақ. «Балалар туризмі тарихы» музейіне саяхат. Туристік жорықтағы алғашқы медициналық көмек. Туристік маршруттар құру. (4 сағ.)

«Балалар туризмі тарихы» музейіне саяхат жасау. Туристік маршруттар құру. Туристік жорықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Топтық сақтандыру және жеке өзін-өзі сақтандырудың маңыздылығы. Уақытында жасалатын медициналық көмек туралы түсіндіру. Туристік жорықтар кезінде орын алатын жарақаттар мен ауру түрлері.

II-бөлім. «Даму жолындағы Қазақстан».

4-сабақ. Елбасының Қазақстан халқына арналған жолдауларына шолу жасау. Қазақстан – алма мен қызғалдақтың Отаны. (4 с.)

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласынан кейінгі «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласымен таныстыру. Елімнің тірегі-Елбасы! Менің Отаным-Қазақстан!(оқушыларға эссе жаздыру). Мал бағу ата салтымыз. Атқа міну мәдениеті туралы түсінік(әңгімелесу).

5-сабақ. Қазақстанның ежелгі металлургиясы. Мыс, қола, темір дәуірлеріне саяхат. Ұлы Жібек жолы арқылы тараған мәдениеттер. «Алтын адам» ұлт мақтанышы.

Ежелгі дәуір кезіндегі. Қазақстан жерінде өмір сүрген тайпалар тарихы. Руналық (көне түркі) ескерткіштер жазуы. Алаш, қазақ сөзінің мағынасы. Күлтегін ескерткіші. Білге қаған ескерткіші.

6-сабақ. Археология және облыстық тарихи-өлкетану музейіне саяхат. (4с.)

Археология және облыстық тарихи-өлкетану музейі туралы түсінік беру. Саяхат жасау.

Әлемдік ғылым үшін сенсация саналған жаңалық – 1969 жылы Қазақстанның Есік қорғанынан табылған, өнертанушы ғалымдар арасында «қазақстандық

Тутанхамон» деген атқа ие болған «Алтын адам». Эссе: «Сені қызықтырған жәдігер».

7-сабақ. «Әр білім мекемесінде-музей» мектептегі музейге экскурсия жасау.

№10 ЖОББ мектебінің музейіне экскурсия жасау. Қазақ халқының рухани байлығы салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын, мақал-мәтелдерін, ырымдары мен тыйым сөздерін оқушы бойына сіңіру. Киіз үй, қолөнер, ат-әбзелдері ж.т материалдық құндылықтарды түсіндіру. Халық мұрасы: ұлттық мерекелер, ұлттық ойындар, ұлттық тағам түрлерін білу.(Іздестіру-зерттеу жұмысы).

III-бөлім. «Батыс Қазақстан облысының табиғаты»

8-сабақ. БҚО-климаты, жыл мезгіліне байланысты өзгеруі.

«Облыстық экологиялық - биологиялық орталығына» саяхат. (4с.)

Туған өлкенің қорғауды талап ететін өсімдіктері мен жануарларын анықтау, тізімін құрастыру, олар жайлы фотоальбомдар, бейне слайдтар, бейнефильмдер жасау (жұмысты презентациялау). Ерекше қорғалатын аумақтар және нысандарға: қорықтарға, қорықшаларға, ұлттық саябақтарға, табиғат ескерткіштеріне, хайуанаттар бағына, ботаникалық бақтарға, орман шаруашылықтарына саяхат жасау. «Облыстық экологиялық – биологиялық орталығына» саяхат.

9-сабақ. БҚО-ның өсімдіктер дүниесі мен жануарлар дүниесімен танысу.

Батыс Қазақстан облысының өзен-көлдерінің қазіргі жағдайы. (4 с.)

БҚО-да кездесетін, саны жағынан сиреп бара жатырған жануарларға тоқталу. Жайық, Шаған, Қалдығайты т.б өзен-көлдерге сипаттама беру.

10-сабақ. «Ғасыр жасаған – туған қалам» қала бойынша архитектуралық тарихи ғимараттарға экскурсия ұйымдастыру. «Сұрақ менен, жауап сізден» викториналық блиц сұрақтар. (4 с.)

Орал қаласы туралы мағлұмат беру, қаламыздың көрікті орындарымен таныстыру арқылы отансүйгіштікке; Отанын қадірлеуге; ұлттық патриотизмге баулу (оқушыларға сурет салғызу). Қаладағы архитектуралық Даңқ, «Европа - Азия» монументтері, А.С.Пушкин, М.Мәметова, А.Құнанбаев, В.И.Чапаев, С.Датов, Г.К.Жуков, А.Шолохов, Т.Масинның ескерткіштеріне сипаттама беру.Осы тақырыпқа байланысты блиц сұрақтар қою.

11-сабақ. Ж.Молдағалиев атындағы кітапхана және облыстық мұрағатпен танысу. Туған өлке туралы аңыз жинақтау. (4 с)

Ж.Молдағалиев атындағы облыстық кітапхана қорындағы кітаптармен танысу. Өлке тарихы туралы кітапхааларда ізденіс жұмыстарын жүргізу. Мұрағат туралы сипаттама беру.

Аңыз әңгіме дегеніміз не? Аңыз әңгіменің шығу тегі. Туған өлке туралы аңыз жинақтау. (зерттеу-іздестіру жұмыстары). Ақмешіт әулиелер қорымы, Қоске, Жарман, Салахаддин, Сүлеймен, Ормантай, Сағи, Мәулімберді хазіреттер, Құтқожа, Едіге, Құли, Қойсары, Мәулен, Бейтілеу әулиелер туралы тың деректер. Ізімғали Шеруенұлы, Шарап Жолалиев, Арыстан Жұмаұлы, Әбдірахман Бозқажыұлы (Әуен ата), Ғабдулахат Ғұбайдоллаұлы (Әтеш ата), Үкі би, Мыңбай ата, Саудабай Көккөзұлы, Атшоңқай туралы естеліктер.БҚО-да кездесетін,саны жағынан сиреп бара жатырған жануарларға тоқталу.

III-бөлім. «Орал қаласы – көне шаһар»

12-сабақ. Орал қаласының өткені мен бүгінгі күні. Батыс Қазақстан облысына қарасты аудандар тарихы. (4 с.)

Қазақстан Республикасының 16 облыс, 3 маңызды қала туралы мағлұмат беру. Батыс Қазақстан өлкесінде 17 табиғи нысандарының орналасу географиясы, тарихы, маңызы. Тарихи өзен-көлдері туралы зерттеу. Жайық өзені туралы деректер. Жайық-Урал экспедициясы.

13-сабақ. Тарихи ескерткіштерді танып білу ұрпақ парызы. Облыстық тарихи-өлкетану музейіне саяхат. (4с.)

Аққұм, Шалқар көлі, Айдар сор, Ешкі тау, Әлжан сор, Борлы қыраттар, Қыземшек тауы, Торатбас тауы, Сарқырама, Қыз әулие бұлағы, Ұзақ өмір бұлағы, Егіндікөл шипалы бұлағы, Құныскерей үңгірі, Январцева орманы, Хан тоғайы, Айдана қыраты, Ақтау-Ақшат (Жирентау) тауы. Республикалық маңызы бар ескерткіштер: Жайық қалашығы, Таксай қорғаны, Жұмағазы қазірет (Дәдем Ата) кесенесі, Дәулеткерей Шығайұлы кесенесі, Бөкей ордасы тарихи кешені, Ғұмар Қараш, Алаш орда үйі.

Өлкеміздің терең тарихымен танысу мақсатында аталмыш мекемеге апару, мағлұмат жинау.

14-сабақ. Өңірімізге танымал ғылыми - мәдени қайраткерлер, ақын-жазушылар. (4 с.)

Батыстың ғылыми – мәдени қайраткерлері мен ақын жазушыларымен танысу. (Б. Қаратаев, Ғ. Қараш, С. Мендешов, Б. Құлманов, М. Бекмұхамедов, Қ. Мырзалиев, Х. Есенжанов, А. Бақтыгереева, Ж. Молдағалиев, Ж. Нәбиуллин, А. Нәріков, А. Бақтыгереева, Ш. Қыдырниязова, Д. Мұштанова, Б. Ғұбайдуллин, М. Балмолда, М. Шүйіншалиева т.б.)

15-сабақ. «Туған жерді сүю парыз, Сүю үшін, білу парыз». Отбасылық құндылықтар. Жеті ата. (4с.)

Жанұя шежіресі тарату. Ата-тек атаулары: ата, әке, бала, немере, шөбере, шөпшек, немене. Туыстық атаулар: жүрежат, туажат, жұрағат, жат жұрағат, жегжат, жамағайын. Шежіре тарату. «Ескі суреттер сыр шертеді», «Менің туыстық ағашым». Жанұялық альбомдардан өлке тарихына үлес қосқан туыстарының өмірбаянын білу. Презентация жасау. Оқушылар өздерінің туған өңірі туралы эссе жазу.

IV-бөлім. Қорытынды.

16-сабақ. Туристік өлкетану жорықтарына, экспедицияларға қатысу.

«Майдан даласында» Ұлы Жеңістің 75 жылдығына арналған кітаптармен таныстыру. (4 с.)

Жазғы экспедициялардың бағдарламасын құру, жорыққа дайындық, жұмыстың бөлісу тәртібі. Маршрут құру және жорыққа шығу. Ұлы Жеңістің 75 жылдығына арналған «Майдан даласында» кітап көрмесімен таныстыру. «Желбіре Жеңіс жалауы» байқауына дайындық жұмысы.

«Ер есімі, ел есінде» ҰОС-ның хаттарын іздеу, ардагерлерге көмектесу. (4 с.)

Ұлы Отан соғысы (1941—1945) Кеңес Одағының нацистік Алманияға және оның еуропалық одақтастарына (Мажарстан, Италия, Румыния, Финляндия,

Словакия, Хорватия) қарсы жүргізген соғысы. Ұлы Отан соғысындағы ең атақты операциялар: Ленинград шайқасы, Мәскеу түбіндегі шайқас, Сталинград шайқасы, Курск шайқасы, Берлин шайқасы. Орал қаласында тұратын ардагерлерге бару, көмек ұйымдастыру. Хаттар жинау. Мақсаты: қарттарды құрметтеу, үлкенді сыйлау, жастарға қамқоршы болу, ата-ананы ардақтау, ардагерлерге көмектесу. ҰОС ардагерлері мен ел құрметіне бөленген сыйлы адамдар өз ұрпағына, еліне арнап айтқан үлгі-өнегесі өсиет сөздерін есту.

17-сабақ. Қазақстан мұражайлары. 18 мамыр Халықаралық мұражайлар күніне виртуалды саяхат жасау.

18-сабақ. «Шынықсаң шымыр боласың» Табиғат аясындағы сайыс. Музейге экспонаттар тапсыру.(4 с.)

Үйірме оқушылары арасында ұйымдастыру. Экспонаттарды жинап, музейге тапсыру.

19-сабақ. Жазғы туристік - өлкетанулық экспедицияларға әзірлік жұмыстарын жүргізу. Жорық, экспедиция ұйымдастыру. Қорытынды. (4с.)

Жорық алды дайындық. Маршрут құрастыру. Зерттеу. Картамен жұмыс. Тапсырмалар. Міндеттерді бөлісу. Іздестіру-зерттеу жұмыс.Қорытынды жұмыс тапсыру.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қосымша білім тәрбие журналы, №4, 2011
2. Орал өңірінің балалар мен жасөспірімдер туризмі, Орал, 2015
3. Мазбаев О.Б., Атейбеков Б.Н., Асубаев Б.К., Туризм және өлкетану негіздері, 2006
4. Қосымша білім беру ұйымдарында этномәдени білім беру. Жұмыс тәжірибесін жинақтап қорыту, Алматы, 2010
5. Ю.А.Барышева.,Формирование эколого-краеведческих знаний в начальной школе.Москва, 1997
6. «Турист-іздесушілер жорықта» А.А. Остапец.
7. "Қазақстан" ұлттық энциклопедиясы, Алматы, "Қазақ энциклопедиясы"
8. «Қазақстан тарихы» (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 1-том. Алматы: Атамұра, 2010.
9. «Боздақтар» 4 том, Орал қаласы, 1998
- 10.Батыс Қазақстан облысының энциклопедиясы «Арыс» баспасы, Алматы, 2002
- 11.Акишев К.А., Кушиев Г.А., Древняя культура саков и усуней долины реки Или, 1963;
- 12.Артамонов М.И., Сокровища саков, М., 1973;
- 13.Акишев А.К., Искусство и мифология саков, А.-А., 1984;
- 14.А. Бейсенов., История Казахстана, т. 1, А., 1996.
- 15.Д.Д.Байдалиев., Болашақ мұғалімдерді педагогикалық өлкетану жұмысына кәсіби даярлау.
- 16.Д.А.Белюсов., Литературно - краеведческий кружок в школе.
- 17.Емельянов Б.В., Экскурсоведение. Учебное пособие. М., 2002.
- 18.Т.К.Жездібаев. «Жас туристерге кеңес» Алматы,2005
- 19.В.И.Курилова., Туризм.М., «Просвещение»,1988
20. А.А.Остапец-Свешников.Программа туристско-краеведческой деятельности школьников.Москва,1991
21. А.А.Остапец- Свешников, «Турист- іздесушілер жорықта» « Полиграфсервис» баспаханасы, 2009